

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 14 мамыр N 574. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1494 қаулысымен. ~P991494

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 наурыздағы N 207 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу

жөніндегі комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 маусымдағы N 510 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 17, 152-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 14 мамырдағы  
N 574 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан  
қарыз алу жөніндегі комитеті туралы

## Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құзыретінің шегіндегі мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік емес мемлекеттік кепілдігі бар сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарды пайдалану саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші болатын бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Республика даңғылы, 60. <\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093\_

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасасуға тиым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

## 2. Комитеттің негізгі міндеттері

### 10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарды пайдалану саласында мемлекеттік саясаты іске асыруға қатысу;

2) мемлекеттік сыртқы заемдар мен кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың қаражаттарын пайдаланудың мониторингі;

3) министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың мемлекеттік сыртқы заемдардың және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың қаражаттарына жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларын үйлестіру болып табылады.

## 3. Комитеттің функциялары

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған бюджетінің жобасын әзірлеу кезінде мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаттарына инвестициялық жобаларды қаржыландырудың көлемдерін айқындау және оларды Қазақстан Республикасының қоса қаржыландыруы бөлігінде ұсыныстар енгізеді;

2) мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарды берудің шарттары мен мерзімдері жөнінде келіссөздер жүргізуге қатысады;

3) өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді,

әдістемелік көмек көрсетеді, Халықаралық қаржылық экономикалық ұйымдар мен донорлық агенттіктердің ережелері мен рәсімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік сыртқы заемдарды пайдаланудың мониторингін жүзеге асырады;

5) мемлекеттік сыртқы заемдар туралы келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

6) мемлекеттік сыртқы заемдар туралы келісімдерді бекіту үшін қажетті құжаттарды әзірлеуге қатысады;

7) мемлекеттік сыртқы заемдар мен кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттар туралы келісімдерді іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;

8) түпкі заемшылармен және қазақстандық екінші деңгейдегі банктермен ( бұдан әрі - екінші деңгейдегі банктермен) мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаты мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса қаржыландыру үлесін республикалық бюджетке қайтару туралы ішкі несиелік келісімдердің жобаларын дайындауға қатысады;

9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігімен бірлесіп мемлекеттік сыртқы заемдардың, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың (келісім бойынша) және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың қаражатына қаржыландырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу жөніндегі тендерлердің (конкурстардың) дұрыстығын бақылайды, тиісті әдістемелік көмек көрсетеді;

10) мемлекеттік сыртқы заемдардың, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың қаражатын пайдаланудың есебі мен мониторингін жүзеге асырады;

11) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген мемлекеттік сыртқы заемдар, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттар қаражатының көлемін игеруді реттеу мақсатында төлем құжаттарын (қаражаттарды алуға деген өтінімдерді) тексереді және қол қояды;

12) мемлекеттік сыртқы заемдарға, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарға және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарға қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша екінші деңгейдегі банктерді конкурстық негізде іріктеуге қатысады;

13) мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты

гранттарды пайдалану саласындағы заңдардың қолданылу тәжірибесін талдауды жүргізеді және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді;

14) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### 4. Комитеттің құқықтары

12. Комитеттің негізгі міндеттерін іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдармен, донор-елдердің өкілдерімен мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарды пайдалануға қатысты техникалық келіссөздердің хаттамасына, өзара түсіністік туралы хаттамаларға, меморандумдарға қол қоюға;

2) келісімдердің шарттарына сәйкес мемлекеттік сыртқы заемдар мен кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыру мақсатында екінші деңгейдегі банктерде және шетелдік қаржы институттарында шоттар ашуға;

3) екінші деңгейдегі банктермен мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарға қызмет көрсетуге агенттік келісімдер жасасуға;

4) Комитет тендер өткізудің донорлар белгілеген тәртібі (рәсімі) бұзылған жағдайда тендерлердің қорытындыларын жою жөнінде шаралар қабылдауға, қажет болған жағдайда қайта бағалауды тағайындауды не қайта тендер өткізуді белгілеуге құқылы;

5) донорлар тәртіптерінің (ресімдерінің), жасалған келісім-шарттар талаптарының бұзылғандығы және мемлекеттік сыртқы заемдардың, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттар қаражатының мақсатсыз пайдаланылуы анықталған жағдайда, пайдаланушыларға мемлекеттік сыртқы заемдар бойынша төлемдерді жүзеге асыруды тоқтата тұруға;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарды пайдалану саласында халықаралық деңгейде республиканың мүдделерін білдіруге;

7) министрліктерден, ведомстволардан және жобаларды жүзеге асыруға қатысатын өзге де ұйымдардан мемлекеттік сыртқы заемдар қаражатының игерілуі туралы есептер сұратуға және алуға;

8) Комитеттің құзыретіне енетін мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық

актілердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

9) заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

## 5. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілдермен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және шекте мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

## 6. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Комитеттің төрағасы осы мақсатта:

1) өз орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңдарға және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен лауазымдардың номенклатурасына сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне

тәртіптік жаза қолданады;

4) заңдарға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Төрағаның орынбасарлары төраға белгілеген өздерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шегінде Комитеттің нормативтік сипаты

жоқ бұйрықтарына қол қояды.

7. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 14 мамырдағы  
N 574 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі  
сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің  
құрылымы

Басшылық  
Жобаларды іске асыру басқармасы  
Қаржылық қызмет көрсету басқармасы

Оқығандар:  
Орынбекова Д.  
Нарбаев Е.